

## Шымкенттің техногенді аймақтары



## Серіктестер



IUCLAND International University  
Cooperation on Land Protection in  
European-Asiatic Countries

## АҚПАРАТ-КҮНІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА  
ЖЕРЛЕР ДЕГРАДАЦИЯСЫ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*6 сәуір 2017 жыл. 14:00*

*ОҚМУ, «Биотехнология» кафедрасы, 127 А*

Шымкенттің техногенді аймақтарында қорғасынның ПДК шектеулі болатын концентрациясы 200-ден 1500 дейін соңғысының максималды құрамы бар қорғасын мен кадмийдің қозғалмалы түрлерімен топырақтың ластануы байқалады. Жалпы алғанда, суарылмаған жерді өңдеу аймақтарында және суарылатын аудандарда жердің нақты шамадағы бөлігі тозады, деградирленеді, тұзданады немесе улы қалдықтармен ластанады. Республикада жерлердің көп бөлігі қарқындылығы әртүрлі дәрежеде шөлге айналу процесіне ұшыраған.

colombo@unimol.it | c.dalessandro@formit.org  
I Project coordinator | Prof. Claudio Colombo I  
colombo@unimol.it | Project manager I  
Dott.ssa Silvia Reale | reale@unimol.it  
I Dott. Felicino Carpenito I  
carpenito@unimol.it  
Molise University I Via De Sanctis 86100 I  
Campobasso (Italy) I tel 0874 404314 I  
www.iucland.eu




## Жерлер деградациясы дегеніміз не?



*Жерлер деградациясы көптеген күштер әсерінен пайда болады, онда төтенше ауа-райы жағдайлары, жеке алғанда, құрғақшылық және топырақ пен жерді пайдаланудың сапасын ластайды немесе нашарлатады, адамдар қызметі, азық-түлік өндірісіне, өмір сүру құралдарына, сонымен қатар, экожүйелерде басқа тауарлар және қызметтерді ұсыну мен өндіруге кері әсері қарастырылады.*

## Жерлер деградациясы мәселелері

Өнеркәсіптер және ауылшаруашылығының технологиялық жетілдірілмеуі, табиғи ресурстарды қарқынды түрде қолдану, Қазақстанда нақты шамада топырақ деградациясы пайда болуына әсер етеді. Шөлге айналған және тұздалған аймақтар Арал теңізі бассейні мен Балқаш көлінің 50 мың км<sup>2</sup> алады. Ағыстарды реттеу және көп жылдық полиметалдар өндірісіне байланысты Ертістің топырағы өнімділігі қысқарады. Әсіресе, Солтүстік Қазақстанда-дәндер өсіруге жерлерді өңдеу аймағында топырақ деградациясы мәселесі өте күрделі. Егістік жердерді көп жылдық аударудан гумус құрамы 5-20% төмендеген. Аударылатын кабаттың 0-25 см бөлігінде гумустың 4,3 млрд.т қоры органикалық заттардың минералдануы, су және жел эрозиясы 1,2 млрд. т немесе 28,3 % кезінде егістікпен шығарылуы есебінен қайтымсыз түрде жойылған.



Арал теңізі

Сонымен қатар, топырақтың өнімділігі оның агрофизикалық қасиеттері нашарлауы, негізінен машиналармен топырақты нығыздау нәтижесі есебінен төмендейді. Республиканың солтүстік дәнді аудандарында 17,8 млн.га потенциалды дефляцияға ұшыраған және 2,6 млн. га күшті жел эрозиясынан зардап шегеді. Суармалы жерлерді соңғы толықтыруға сәйкес олардың жартысы мелиоративті жақсартуды немесе өнімділігін қалаптастыруды қажет етеді.

Халық шаруашылығы даму аймақтарында улы қалдықтармен қоршаған ортаның ластануына байланысты күрделі экологиялық жағдайлар орын алады. Каспий маңындағы мұнай өндіретін аймақта бұзылған жерлер 4,3 млн. га, оның ішінде техногендік аймақ 1,5 млн. Га, деградирленген жайылымдар 1,9 млн.га, мұнай өнімдерімен ластанған жерлер-0,6 және радиоактивті ластануы бар жерлер 0,3 млн.га. Қазақстанда топырақтың ластануы барлық өнеркәсіптік аймақтарда байқалады. Жоғарыда келтірілген мәліметтер көрсеткендей, ауылшаруашылығын тұрақты даму жүйесіне ауыстыру қажет, онда өнделетін дақылдар алқаптарында арам шөптер және зиянкестерге қарсы күресуде биологиялық әдістерге біртіндеп өту, минералды тыңайтқыштарды органикалық тыңайтқыштарға алмастыру, гумус аймағын тереңдету есебінен топырақтың өнімділігін жоғарлату және аймақтық топырақтың табиғи деңгейіне дейін бірінші кезеңде гумус құрамын арттыру жоспарлануда. Осы кезеңнің шамамен ұзақтығы 35-50 жыл.

